

Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 26 маусымдағы № 853 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы № 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/163 бұйрығын қараңыз.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 12-бабының 17-12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу қағидалары б е к і т і л с і н .

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Мемлекеттік орман кадастры мен ормандардың мемлекеттік мониторингін жүргізу ережелерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 17 ақпандағы № 188 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2004 ж., № 8, 105-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1 қыркүйектегі № 1002 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырудың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2011 ж., № 53, 746-құжат).

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н
К. Мәсімов

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 26 маусымдағы
№ 853 қаулысымен
бекітілген

Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексіне сәйкес әзірленді және мемлекеттік орман кадастрын жүргізу тәртібін белгілейді.

2. Мемлекеттік орман кадастры Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстарының мемлекеттік кадастрлары бірыңғай жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және оны осы Қағидаларға сәйкес мемлекеттік орман орналастыру ұйымы бірыңғай жүйе бойынша жүргізеді.

3. Мемлекеттік орман кадастры мемлекеттік жер кадастрымен өзара байланысты. Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу үшін қажетті орман қорының жер учаскелері туралы мәліметтер мемлекеттік жер кадастрынан алынады.

2. Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу тәртібі

4. Мемлекеттік орман кадастрының құжаттамасы:

1) қысқаша түсіндірме жазбахаты бар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орман кадастрының кітабы;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мәліметтер;

3) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2011 жылғы 16 наурыздағы № 80 бұйрығымен бекітілген «Орман қорының мемлекеттік есебі және орман қорын мемлекеттік орман қорының санаттары мен жерлері бойынша бөлу» ведомстволық статистикалық байқауының статистикалық нысаны болып табылады.

5. Орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері жыл сайын ақпарат жинаудың, өңдеудің және сақтаудың электронды жүйелерін, сондай-ақ қағазға басылған нұсқаларын пайдаланып:

1) есепті жылдан кейінгі 1 қаңтардағы жағдай бойынша орман қорының ағымдағы өзгерістері мен жай-күйі туралы мәліметтерді орман кадастрының

м а т е р и а л д а р ы н а

е н г і з е д і ;

2) есепті жылдан кейінгі 20 қаңтарға дейін орман қорында болған өзгерістер туралы мәліметтерді ведомстволық тегі бойынша орман қорын күзету, қорғау, пайдалану, ормандарды молықтыру мен орман өсіру саласындағы облыстың жергілікті атқарушы органдарға (бұдан әрі – атқарушы органдар) береді.

6. Атқарушы органдар жыл сайын ақпарат жинаудың, өңдеудің және сақтаудың электронды жүйелерін, сондай-ақ қағазға басылған нұсқаларын пайдаланып 1 наурызға дейінгі мерзімде мемлекеттік орман орналастыру ұйымының түсіндірме жазбахаттары бар облыс бойынша жиынтық есептерді ж і б е р е д і .

7. Жеке орман иеленушілер 1 наурызға дейінгі мерзімде мемлекеттік орман кадастрын жүргізу үшін қажет материалдарды 4-тармақтың 3) тармақшасына сәйкес мемлекеттік орман орналастыру ұйымына береді.

8. Мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жыл сайын, 1 маусымға дейін түсіндірме жазбахаттары бар облыс бойынша және республика бойынша жиынтық есептерді электронды және қағазға басылған нұсқаларда уәкілетті органның ведомствосына жібереді.

9. Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу шеңберінде алынған нәтижелер Қазақстан Республикасы Табиғи ресурстар мемлекеттік кадастрларының бірыңғай жүйесіне беріледі.

Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу қағидаларына 1-қосымша

Министрлік, ведомство

Облыстық әкімдік

Орман иеленуші

Пошталық мекенжайы

Кадастрлық нөмірі

ОРМАН ҚОРЫНЫҢ ОРМАН КАДАСТРЛЫҚ КІТАБЫ

Басталды: 20_____ жылғы 01.01. жағдайы бойынша
Аяқталды: 20_____ жылғы 01.01. жағдайы бойынша

_____ п а р а қ

Тұрақты сақталады

1. Орман иелену және орман пайдалану құқығы

- 1-бөлімде мыналар көрсетілуге тиіс:
- 1) орман иеленушінің атауы;
 - 2) орман иеленушілер учаскелерінің кадастрлық нөмірі;
 - 3) жер ресурстарын басқару жөніндегі уәкілетті орган берген тұрақты жер пайдалану құқығына арналған акт;
 - 4) белгіленген тәртіппен бекітілген орман иеленушінің ережесі (жарғысы);
 - 5) орман иелігінің құрылымы мен орналасқан жері: карта-схема, шекарасы және координаталары;
 - 6) есептік материалдар мен статистикалық нысандардың мәліметтері.

2. Орман қоры жерлерін орман пайдалануға берудің, сондай-ақ жерлерді беру мен қабылдаудың құқықтың негізі

Орман қоры соңғы мерзімдік есепке алынған жыл _____

Жазылған күні	Мемлекеттік орман қоры аудандарында өзгерістер жүргізуге негіз болған құжаттың атауы нөмірі мен күні, қысқаша мазмұны	Жер берілген немесе қабылданған орман пайдаланушының атауы	Ауданы, га	
			қабылданды	берілгені

1. Орман қоры соңғы мерзімдік есепке алынған жылғы мәліметтер. Орман қорының соңғы мерзімдік есепке алынуының деректері бойынша орман қорының ауданы мен санаттары негіз болып алынады.

2. Орман қоры соңғы мерзімдік есепке алынғаннан кейін болған орман қорындағы өзгерістер.

Бұдан әрі жерлерді орман пайдалануға беруге немесе қабылдауға негіз болған барлық құқықтық құжаттар қалпына келтіріледі.

3. Мемлекеттік орман қорының санаттары және алқаптар бойынша орман қорын бағалау және бөлу

Орман қорының санаты _____
 А л ы м ы – а у д а н , м ы ң г е к т а р
 Бөлімі – бағасы, мың теңге

	Орманды алқаптар				Ормансыз алқаптар

ауданы мен бағалау құны келтіріледі
(2 - 4 - бағандар).

2. Мәліметтер есеп кезеңі арасындағы болған өзгерістерді ескере отырып, орман қоры есебінің 2-нысанынан алынады

3. Есеп негізгі орман құраушы тұқымдар бойынша жалпы республика, мекеме, ұйымдар бойынша орман қорының санаттарын есепке алмай жүргізіледі.

4. Жеке орман иеленушілер 4-бөлімді толтырмайды.

5. Облыс (республика) ормандарын қоғамдық пайдалану нысандары бойынша бөлу

Облыс, республика _____

Аудан, мың гектар

Өзгерістер енгізілген күн	Орман қоры жерлерінің барлығы	ОҚ жерлерін министрліктер, ведомстволар және өзге де орман пайдаланушылар бойынша бөлу						
		ҚР АШМ Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті	Министрліктер және ведомстволар			облыстық әкімдіктер	қалалар әкімшіліктері	өзге орманпайдаланушылар

Бөлімге облыс (республика) объектілері туралы мәліметтер енгізіледі
Мемлекеттік орман кадастрын жүргізу қағидаларына
2-қосымша
1-кесте

Орман иеленушілердің құрылымы мен ауданы туралы мәліметтер

Орман иеленуші _____

Ауданы, мың гектар

Құрылымдық бөлімше	Жалпы ауданы	Оның ішінде МОҚ санаттары бойынша		
		3	4	5
1	2	3	4	5
1.1-орманшылық				
2. 2-орманшылық				
3. Учаске				

және т.б.				
Жиыны				

2-кесте

Мемлекеттік орман қоры учаскелерін пайдалану туралы мәліметтер

Орман иеленуші _____

Орман пайдалану түрлері	Өлш. бір.	Көлем	Оның ішінде орман пайдаланушылар бойынша
1	2	3	4

3-кесте

Есеп беру кезеңі арасында болған ағымдағы өзгерістер туралы мәліметтер

Орман иеленушілер _____

Жерлерді беру, қабылдау үшін негіз (қаулының, бұйрықтың күні және нөмірі)	Жерді берген немесе қабылдаған жер пайдаланушының атауы	Өзгерістер		Жер ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілді
		мекеме құрамына қабылданды	мекеме құрамынан берілгені	
1	2	3	4	5

4-кесте

Сүрек қоры туралы мәліметтер (жыл сайынғы өсімді қосқанда)

Орман иеленуші _____

Қор, мың шаршы метр

Жалпы қор	Олардың толысқаны және көнергені	жалпы қордан					
		қылқанды тұқымдылар	олардың толысқаны және көнергені	қатты жапырақты тұқымдылар	олардың толысқаны және көнергені	жұмсақ жапырақты тұқымдылар	олардың толысқаны және көнергені
1	2	3	4	5	6	7	8

5-кесте

Нақты дайындалатын сүрек туралы мәліметтер

Орман иеленуші _____

Көлем, мың шаршы метр

Кесу түрлері	Тұқым топтары	Дайындау көлемі, мың м ³		
		есепті кеспеағаш	нақты дайындалатыны	есепті кеспеағаштан %
1	2	3	4	5

6-кесте

Орман өсіру және орманды молайту туралы мәліметтер

Орман иеленуші _____

Алаңы, гектар

Іс – шаралар атауы	Барлығы	Оның ішінде тұқымдар бойынша			
		қарағай	қайың	сексеуіл	және т.б.
1	2	3	4	5	6

7-кесте

Мемлекеттік орман қорындағы сүрексіз ресурстар туралы мәліметтер

Орман иеленуші _____

Ресурстардың негізгі түрлері	Өлш. бір.	Орташа жылдық қор		Өткен жылғы өндірілгені		
		биологиялық	өндіруге болатын	рұқсат беру құжаттары бойынша	тұрғындардың келу тәртібімен	жиыны
1	2	3	4	5	6	7

8-кесте

Орманды күтіп-баптау мақсатындағы кесу туралы мәліметтер

Орман иеленуші _____

Ауданы, гектар; қоры мың шаршы метр

Күтіп-баптау мақсатындағы кесу түрлері	Б а с ы м тұқымдылар	Күтіп-баптау мақсатындағы кесу жасындағы екпелер ауданы	Күтіп-баптау мақсатындағы кесуді қажет ететін екпелердің ауданы	Күтіп-баптау мақсатындағы кесу белгіленг					
				аудан	қор		Қайталану мерзімі, жыл	жыл са	
					жалпы	кесілетін		аудан	к
1	2	3	4	5	6	7	8	9	1

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК